

Павлодар облысын көгалдандырудың 2005-2007 жылдарға арналған "Жасыл ел" бағдарламасы туралы

Күшін жойған

Павлодар облыстық мәслихатының 2005 жылғы 30 мамырдағы N 49/12 шешімі. Павлодар облысының әділет департаментінде 2005 жылғы 14 маусымда N 3032 тіркелді. Мерзімінің өтуіне байланысты күші жойылды - Павлодар облыстық Әділет департаментінің 2009 жылғы 18 наурыздағы N 4-06/1966 хатымен.

Ескерту. Мерзімінің өтуіне байланысты күші жойылды - Павлодар облыстық Әділет департаментінің 2009 жылғы 18 наурыздағы N 4-06/1966 хатымен.

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Заңының 6 бабы 1 тармағының 1) тармақшасына сәйкес, облыстық мәслихат ШЕШІМ ЕТЕДІ:

1. Қоса беріліп отырған Павлодар облысын көгалдандырудың 2005-2007 жылдарға арналған "Жасыл ел" бағдарламасы (бұдан әрі - Бағдарлама) - б е к і т і л с і н .

2. Облыс қаржы департаменті жыл сайын Бағдарламаның дер кезінде қаржыландыруын қамтамасыз етсін.

3. Облыс табиғи ресурстар мен табиғат пайдалануды реттеу департаменті жыл сайын 20 қаңтар мерзіміне орай облыстық мәслихаттың экология және қоршаған ортаны қорғау мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясына Бағдарламаны іске асыру барысы туралы ақпарат ұсынатын болсын.

4. Осы шешімнің орындалуын бақылау облыстық мәслихаттың экология және қоршаған ортаны қорғау мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясына жүктелсін.

Сессия төрағасы Г. Досжанова

Облыстық мәслихаттың хатшысы Р. Гафуров

Павлодар облысы мәслихатының
2005 жылғы 30 мамырдағы
III-сайланған XII-сессиясының
N 49/12 шешіміне қосымша

**Павлодар облысын көгалдандырудың
2005-2007 жылдарға арналған "Жасыл ел" бағдарламасы**

1. Паспорт

Атауы	Павлодар облысын көгалдандырудың 2005-2007 жылдарға арналған "Жасыл ел" бағдарламасы
	Қазақстан Республикасы Президентінің 2005 жылғы 18 ақпандағы Қазақстан халқына Жолдауы

**Бағдарламаны
әзірлеу
негіздемесі**

Негізгі әзірлеуші	Облыс табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу департаменті
Мақсаты	Ағаш отырғызу көлемін көбейту, елді мекендерді көгалдандыру және олардың айналасында жасыл аймақтар құру
Міндеттері	Облыс қалалары мен ауылдық елді мекендерінде жасыл екпелерді көбейту; питомник шаруашылығын қалпына келтіру; ағаш отырғызу көлемін көбейту; елді мекендердің айналасындағы жасыл алқаптар көлемін ұлғайту;
Іске асыру мерзімі	2005 -2007 жылдар
Қаржыландыру көздері	Республикалық бюджет, облыстық бюджет, қалалар мен аудандар бюджеттері
Күтілетін нәтижелер	Ағаш егілген жерлердің көлемін ұлғайту, облыстың елді мекендерінде жасыл екпелерді көбейту және олардың айналасындағы жасыл алқаптар көлемін ұлғайту

2. Кіріспе

Павлодар облысын көгалдандырудың 2005-2007 жылдарға арналған "Жасыл ел" Бағдарламасы (бұдан әрі - Бағдарлама) Қазақстан Республикасы Президентінің 2005 жылғы 18 ақпандағы Қазақстан халқына Жолдауын іске асыру мақсатында жасалды.

Қазақстан Республикасы үкіметінің 2004 жылғы 14 мамырдағы N 542 қаулысымен бекітілген 2004-2006 жылдарға арналған "Қазақстан ормандары" бағдарламасы қоршаған ортаны қорғау және табиғат пайдалану саласындағы басты міндеттерінің қатарына орман алқабын кеңейтуді, өсімдіктер әлемін сақтауды және тиімді пайдалануды қойды.

Бағдарлама - ағаш егу жұмыстарының көлемін, елді мекендерді көгалдандыру және соның нәтижесінде облыс аумағында орман алқабын кеңейту жөніндегі негізгі мақсаттарды анықтайды.

3. Проблемалардың қазіргі жай-күйін талдау

Облыс аумағында орман-тоғайлы алқапты ұлғайту тұрғындардың өмір сүруіне қолайлы жағдай жасау және биологиялық көптүрлілікті сақтау мақсатындағы экологиялық ахуалды жақсартудың маңызды құрамдас бөлігі болып табылады. Ормандар аса маңызды климат реттеу, орта құрау, егістік жерлер мен топырақ құнарлығын сақтау, су қорғау және санитарлық-гигиена жөніндегі функцияларды атқарады. Бір гектар орман орташа есеппен бір жыл ішінде 10 тонна көмірқышқыл газды, 68 тонна шаңды жұтып атмосфераға 10-нан

20 тоннаға оттегін бөледі.

Павлодар облысында орман қорының жалпы көлемі 456,7 гектарды құрайды. Жекеменшікте орманды иелену тіркелмеген.

Ағаш отырғызу және ағаш егу көлемдерінің бірнеше есе қысқаруы орман питомниктерінің елеулі бөліктерінің жоғалуына және егу материалдарын өсіру көлемінің қысқаруына әкеп соқты.

Облыс орталығындағы, басқа елді мекендердегі бұрынғы егілген қорғаныш және көгалдандыру мақсатындағы ағаш және бұталар тұқымдас екпелер түрі өте аз, жасыл аймақтар, парктер, скверлер, жалпы қолданыстағы басқа да екпе ағаштар қоры жаңадан құрылмайды.

Автомобиль жолдары мен теміржолдар бойына, егістік жерлер мен жайылымдарды қорғау мақсатындағы екпе ағаштары жеткіліксіз.

Осы екпе ағаштарына күтім болмағандықтан (күтім мақсатындағы, санитарлық мақсаттағы ағаш шабу, топырақ құнарлығын сақтау жұмыстарының мерзімінде жүргізілмеуі) елеулі аумақтағы екпе ағаштарының құруына әкеп соқты, ал аман қалғандары нашар жағдайда. Осыған байланысты олар тұрғындардың демалыс орны бола алмайды және өзінің тыңайтқыштық мақсатына сәйкес емес.

4. Бағдарламаның мақсаттары мен міндеттері

Бағдарламаның мақсаты болып облыс аумағында тоғайлы жерлерді көбейту, оларды қалпына келтіру, және тұрғындардың тұрмыстарына қолайлы жағдай жасау үшін ағаш егу, елді мекендерді көгалдандыру, биологиялық көптүрлілікті сақтап қалу жөніндегі басты бағыттарды анықтау болып табылады.

Аталған мақсаттарға жету үшін ормандарды қалпына келтіру және елді мекендерді көгалдандыру жөніндегі шараларды іске асыруға тұрғындарды, мемлекеттік емес мекемелерді, студенттер мен оқушыларды облыстың ормандарын үнемі өсіру, елді мекендерін көгалдандыру және елді кеңінен тарту қажет.

Бағдарламаның негізгі міндеті облыс қалалары мен басқа да елді мекендерінде көшеттер отырғызу, мемлекеттік орман қоры жерлерінде орманды алқаптар аумағын көбейту болып табылады.

5. Бағдарламаны іске асырудың негізгі бағыттары мен тетігі

Мемлекеттік орман қоры аумағында ормандарды қалпына келтіру және ағаш егу жөніндегі негізгі көлемдер Қазақстан Республикасы үкіметінің 2004 жылғы 14 мамырдағы N 542 қаулысымен бекітілген 2004-2006 жылдарға арналған "Қазақстан ормандары" бағдарламасында анықталғанын ескерсек, онда облыс қалалары мен елді мекендерінде көгалдандыру жұмыстарын кеңейту, олардың айналасында және автомобиль жолдары мен темір жолдардың бойында жасыл аймақтар құру Бағдарламаны іске асырудың басты бағыты болып табылады.

Ормандарды ұдайы қалпына келтіру және ағаш егу шығындарының қомақтылығын ескере отыра бірінші кезекте:

саябақтардың, тынымбақтардың, өзендер мен су қоймалары жағалауларының жасыл аймақтарын жаңадан ашу және барларын қайта құру; автомобиль және теміржолдарының бойында орман қорғау жолақтарын ж а с а у ;

ірі өнеркәсіп аумақтарында және олардың айналасында санитарлық қорғаныс а й м а қ т а р ы н а ш у .

Көгалдандыру жұмыстарын екпе материалдарымен қамтамасыз етудің басты мақсаттарының бірі облыстағы орман питомниктерін қалпына келтіру және жаңасын ж а с а у болып табылады.

Жасыл құрылыстар жөніндегі жұмыстарды дамытуға:

- қалалар мен елді мекендерде белгіленген нормаларға сәйкес қалпына келтіру және салу негізінде жасыл аймақтар мен жалпы қолданыстағы екпе ағаштар қ о р ы н ;

- қажетті мөлшерде көшеттер өсіру үшін мемлекеттік және жекеменшіктегі питомниктер желісін дамыту енеді.

Жасыл құрылыстар жоспары қалалар мен аудандардың атқарушы органдарының басқаруымен жергілікті бюджеттің қаражаты есебінен іске а с ы р ы л а д ы .

Қалалар мен елді мекендердің аумағында көгалдандыру жұмыстары облыстағы орман қорғау мекемелері мен "Зеленстрой" ЖШС, "Дендро" ЖШС, "Озеленение" ЖШС дайындаған ірі өлшемді екпе материалдарын отырғызу тәсілімен жүргізіледі, олар негізінен көгалдандыру алқабын арттыруға, көшеттер түрлерін кеңейту мен ағаштардың перспективті және сәнді түрлерін қолдануға, бұрынғы парктер мен тынымбақтарды қалпына келтіруге бағытталған.

Бұл күндері архитектура, қала құрылысы, және құрылыс департаменті Усолка ауданында көлемі 10,5 га жерге Қазақстан Республикасы бірінші Президенті паркінің орнын белгіледі, болашақта ол қарсы жағалауға дейін кеңейіп, жаяу адамдар көпірі салынатын болмақ. Жобада ағаштың жақсы және сәндік түрлерін отырғызу, аумақты көкшөппен жабу, гүлзарлар жасау, бүркіп тұратын суару құрылғысын орнату, қоршау, жарықтандыру, шағын аттракциондар орнату қарастыралатын болады. Паркті салудың болжамды құны - 210 млн. теңге.

Жоспардағы екпе көлемі және облыстың қалалары мен аудандардағы парктер мен скверлер туралы мәліметтер 1 кестеде келтірілген.

р / с N	Қалалар м е н аудандар	Ірі мөлшерлі материалдарының жоспарланған көлемі, дана.	екпе	Қолданыста- ғы парктер мен тыным-
------------	------------------------------	--	------	---

					бақтардың с а н ы , дана/га
		2005 ж .	2006 ж .	2007 ж .	2005 ж.
1	Павлодар	15000	15000	15000	56/79,88
2	Екібастұз	8835	8300	12300	13/38,8
3	Ақсу	6740	7390	8084	16/5,0
4	Ақтоғай	5400	5670	5953	12/1,1
5	Баянауыл	1168	1640	1960	19/5,77
6	Железин	3000	3200	3500	13/38,0
7	Ертіс	4500	5000	5300	2/1,0
8	Качиры	4800	6500	8000	7/22,2
9	Лебяжі	4500	5000	5500	13/15,5
10	Май	2200	3000	3500	11/11,0
11	Павлодар	4500	4500	4500	16/0,64
12	Успен	3550	3600	4000	13/0,035
13	Шарбақты	10000	10000	10000	16/41,5
	Барлығы	74193	79500	89597	207/295,39

Көгалдандыру жұмыстарын екпе материалдарымен қамтамасыз ету үшін жалпы көлемі 107 га облыстағы орман қорғау мекемелерінің питомниктері қалпына келтірілетін болады. Үрлітүп мемлекеттік мекемесінде бір питомник құру қаралып жатыр.

Орман қорғау мекемелері аумағындағы екпе материалдарын өсіру питомниктерінің көлемі төменде келтірілген.
га.

Мемлекеттік мекеменің атауы	О р м а н питомниктерінің аумағы			Соның ішінде суармалы		
	2005 ж.	2006 ж.	2007 ж.	2005 ж.	2006 ж.	2007 ж.
1	2	3	4	5	6	7
Павлодар	40/1	45/2	50/3	1	3	8
Максим - Горький	47/1	50/2	57/3	1	3	6
Үрлітүп	-	10/	12/1	-	1	2
" Ертіс орманы" мемлекеттік орман табиғи резерваты	58/10,2	58/15,5	77/18,3	20	22	24

Баянауыл мемлекеттік ұлттық табиғи паркі	2,8/0,6	2,8/0,8	2,8/1	-	-	-
Барлығы	147,8/ 12,8	165,8/ 20,3	198,8/ 26,3	22	29	40

Мемлекеттік емес мекемелердің питомниктерінің көлемі төменде көрсетілген

:

га.

N p / c	Аталуы	Орман питомниктерінің көлемі			Соның ішінде суармалы, га		
		2005 ж.	2006 ж.	2007 ж.	2005 ж.	2006 ж.	2007 ж.
1	2	3	4	5	6	7	8
1	"Горзелен - строй" ЖШС	50	55	60	4	5	6
2	"Дендро" ЖШС	1,0	1,0	1,0	1,0	1,0	1,0
3	"Озеленение" ЖШС	12	14	16	4	4	4
4	"Флора" ШҚ	35	40	42	10	10	10
	Барлығы	98	110	119	19	20	21

Қажетті мөлшерде екпе материалдарын өсіру үшін орман тұқымдарын жинауды ұлғайту қажет. Ол үшін облыстың мемлекеттік орман қоры аумағында: қарағай, қайың, үйеңкі, терек, тал және тағы да басқа ағаштардың тұқымдарын жинау жұмыстары ұйымдастырылады.

Орман қорғау мекемелері мен ерекше қорғалатын табиғи аймақтарда жыл сайын ағаш тұқымдарын мынадай көлемде жинау жоспарланып отыр:

кг.

N p / c	Аталуы	Қылқан жапырақтылар тұқымдары, кг.		
		2005 ж.	2006 ж.	2007 ж.
1	2	3	4	5
1.	"Ертіс орманы" мемлекеттік орман табиғи резерваты	530	1600	1900
2.	Баянауыл мемлекеттік ұлттық табиғи паркі	40	50	60
	Барлығы қылқан жапырақтылар	570	1650	1960
3.	Облыс табиғи ресурстар және табиғат	350		580

пайдалануды реттеу департаментінің мекемелері		455	
Барлығы жапырақтылар	350	455	580
Барлығы	920	2155	2440

Көгалдандыру жұмыстары үшін жоспарланған көшеттер өсіру көлемі және қолда бар тамырланған шыбықтар көлемі төменде берілген:

дана

N р/с	Атауы	Жапырақ тұқымдастардың ірі мөлшерлі көшеттері, дана		
		2005 ж.	2006 ж.	2007 ж.
1	2	6	7	8
1	Шырша	6000	9000	23000
2	Сібір шыршасы	80	80	100
3	Қайың	16900	22000	23200
4	Терек	8400	9400	10600
5	Пирамида бейнелі терек	330	450	670
6	Үйеңкі	18950	20000	24000
7	Тал	19100	20000	22000
8	Шырғанақ	3000	3200	3200
9	Шаған, шетен	600	600	600
10	Тал	1600	1900	2100
11	Виргин Мойылы	300	300	350
12	Алқызыл, сарыағаш, қараған	3500	3600	3700
	Барлығы жапырақтылар	143080	172850	193220
	Барлығы	149160	181930	216320

Облыстың мемлекеттік орман қорында мемлекеттік мекемелердің ағаш отырғызу көлемі:

га.

N р/с	Аталуы	2005 жыл	2006 жыл	2007 жыл
1	2	3	4	5
1	"Ертіс орманы" мемлекеттік орман табиғи резерваты	1000	2228	2228
2	Баянауыл мемлекеттік ұлттық табиғи паркі	60	120	170
3	Павлодар мемлекеттік мекемесі	20	20	20
4		20	30	20

	Максим Горький мемлекеттік мекемесі			
5	Үрлітүп мемлекеттік мекемесі	13	15	17
	Барлығы	1113	2413	2455

Ерекше қорғалатын табиғи аймақтарда ағаш егу және екпе ағаштарды отырғызу жұмыстарына 2005 жылы республикалық бюджеттен 52,1 млн. теңге, 2006 жылы 285,5 млн. теңге, 2007 жылы 230,4 млн. теңге қаралған. Көлік жолдары мен бағыттағы қондырғылар бойында қорғаныш ағаш егу және оларды күту жұмыстары автомобиль жолдарына, теміржолдарға және тағы да басқа қондырғыларға иелік ететін ұйымдар мен басқармалардың қаражаттары есебінен олардың арнайы бөлімшелері жүргізіледі. Автомобиль жолдары бойында қорғаныш екпе ағаштарын отырғызу көлемі төменде көрсетілген.

N р/с	Аталуы	Автомобиль және теміржолдары бойында егілетін ірі мөлшерлі көшеттер отырғызу көлемі		
		2005 ж.	2006 ж.	2007 ж.
1	2	3	4	5
1	Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрлігі көлік инфрақұрылымын дамыту комитетінің Павлодар облыстық басқармасы	7800 дана 9,6 млн. теңге	9800 дана 12 млн. теңге	12240 дана 15 млн. теңге
2	Жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары департаменті, егу және күту	80 га 4,9 млн. теңге	80 га 5,1 млн. теңге	80 га 5,5 млн. теңге

"Қазақстан темір жолы" ұлттық компаниясы" - "Павлодар тасымалдау бөлімшесі" акционерлік қоғамының филиалы темір жол бойында жыл сайын 18 га қалқан тоғайларын отырғызу, осыған сәйкес 2005 жылы - 0,2 млн. теңге, 2006 жылы - 0,3 млн. теңге, 2007 жылы - 1,0 млн. теңге. жоспарланып отыр.

Материалдық-техникалық қамтамасыз етуде екпелі тоғайларды, питомник шаруашылықтарын қажетті мөлшерде тыңайтқыштармен, биологиялық дәрілермен, химикаттармен және тағы да басқа материалдармен қамтамасыз ете отырып ормандарды қалпына келтіру, өсіру, оларды күту жөніндегі жұмыстарды толық қамтамасыз ету қаралған. Ерекше қорғалатын табиғи аймақтардың мемлекеттік мекемелері бойынша орман егу техникасы мен қондырғылар орталықтандырылған түрде республикалық бюджеттің қаражатынан алынады.

Орман және жануарлар әлемін қорғау жөніндегі мекемелерде материалдық-техникалық базаны облыстық бюджеттің және орман

шаруашылығы қызметінен түскен өз қаражаттары есебінен нығайтып отыру
қ а р а л ғ а н .

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 19 қаңтардағы N 53 қаулысына сәйкес мемлекеттік орман қоры аймағында орман питомниктерін құру және қалпына келтіру жөніндегі Бағдарламаны іске асыруға облыстық бюджеттің қ а р а ж а т т а р ы қ а ж е т .

8 кесте

N р/с	Мемлекеттік мекемелердің атауы	Барлығы жоспар	Есептер (ормандар мен отырғызылған ормандарды күзету, қорғау, ұдайы өсіту) млн . теңге		
			2005 жыл	2006 жыл	2007 жыл
1	2	3	4	5	6
1	Павлодар	90,0	25,0	30,0	35,0
2	Үрлітүп	62,0	18,0	22,0	22,0
3	Максим - Горький	60,0	18,0	21,0	21,0
	Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу департаменті бойынша барлығы	212,0	61,0	73,0	78,0

Бағдарламаның іс-шараларын жүзеге асыру және отырғызылған ағаштарға күтім жасау жөніндегі жұмыстарды жүргізуге қажет қалалар мен аудандардың бюджеттерінің қаражаттары төменде көрсетілген:

N р/с	Қалалар мен аудандар	Жыл сайын ағаш егуге және оларға күтім жасауға қажет қаражаттар, (мың теңге)		
		2005 г .	2006 г .	2007 г .
1	2	3	4	5
1	Павлодар	3411,0	5000,0	6500,0
2	Екібастұз	1497,0	4502,0	5553,0
3	Ақсу	4500,0	5000,0	5500,0
4	Ақтоғай	336,9	353,7	371,4
5	Баянауыл	233,6	1197,2	1430,8
6	Железин	229,0	3680,0	4025,0
7	Ертіс	-	2100,0	2500,0
8	Қаширы	-	2100,0	2500,0
9	Лебяжі	300,0	1500,0	2000,0
10	Май	324,0	1500,0	2000,0
11	Павлодар	-	890,0	890,0
12	Успен	400,0	2318,0	2560,0

13	Шарбақты	320,0	2300,0	2500,0
	Барлығы	11461,0	32440,9	38330,2

Облыс аумағында орман-тоғайларды және көгалдандыруды ұлғайту жөніндегі міндеттерді орындауды тұрғындарды, қоғамдық ұйымдарды, мектеп оқушыларын, жоғарғы және орта оқу орындарының студенттерін тарту қаралған.

Ерекше қорғалатын табиғи аймақтарда өртенген жерлерді тазалау жөніндегі жұмыстарды қамтамасыз ету үшін 2005 жылы республикалық бюджеттен қаржыландырылатын студенттік құрылыс отрядтарын құру жоспарланып отыр. Іс-шаралар мен шығындар төменде көрсетілген:

№ р/с	Аталуы	Ө л - ш е м б і р - л і г і	Барлы- ғы	Соның ішінде	
				"Ерті с орманы" МТОР	Баянау ы л МҰТП
1	2	3	4	5	6
1	Тазаланатын өртенген жер көлемі	га	1656	1456	200
2	Ж ұ м ы с күндерінің саны	күн	88	44	44
3	Еңбекақыны қоса есептегенде барлық шығын көлемі	мың теңге	11404 8091	8 5 5 7 6174	2 8 4 7 1917
4	Студенттер отрядының саны	адам	260	200	60
5	Айлық орташа жалақы	теңге	15703	15435	15970

Бұдан басқа да "Менің меншікті ағашым" атты табиғат қорғау акциясын кеңінен тарату қажет, онда әрбір оқушы жеке ағаш егіп оны мектеп бітіргенше бағып-қағып күтеді, содан кейін оны мектепке жаңа келген бірінші сынып о қ у ш ы с ы н а т а п с ы р а д ы .

Елді мекендердегі парктер мен тынымбақ ағаштарын күту оқу орындарына, бюджеттік, қоғамдық және тағы да басқа ұйымдарға бағып-қағу жұмыстарын жүргізу үшін берілген тізбеге сәйкес бекітілген.

Бұрынғы ағаш егілген жерлерге С. Торыайғыров атындағы ПМУ-нің биология кафедрасы ғалымдарын тарту арқылы ұдайы мониторинг жүргізіліп отырады. Тексеру нәтижесі бойынша ауруға шалдыққан ағаштарды санитарлық мақсаттағы шабу, ауру тарататын ошақтарды улы химикаттармен өңдеу жұмыстары жүргізіледі. Бұл мақсаттарға қалалардың бюджетінен үш млн. теңге

көлемінде қаржы бөлу қажет.

Бағдарламаны ақпараттармен қамтамасыз етуді қоғамдық ұйымдар мен " Табиғат" қоғамдық қоры атынан ішкі саясат департаменті іске асырады.

Бағдарламаны іске асыру жөніндегі жыл сайынғы бұқаралық тыңдауды ұйымдастыру үшін облыстық бюджеттен 1,2 млн. теңге қарау қажет.

6. Бағдарламаға қажетті ресурстар мен қаржыландыру көздері

Республикалық және меншікті бюджеттерді қаражаттары осы Бағдарламаға қажетті қаржыландыру көздері мен ресурстар болып табылады.

№ р/с	Қаржыландыру көзі (бюджет)	2005 жыл	2006 жыл	2007 жыл	Жиыны
1	2	3	4	5	6
1	Республикалық	52,1	285,5	230,0	567,6
2	Облыстық	73,8	86,8	93,0	253,6
3	Қалалар мен аудандар	13	105,4	111,9	230,3

7. Бағдарламаны іске асырудан күтілетін нәтижелер

Бағдарламаны іске асыру ормандарды күзету, қорғау, қалпына келтіру саласында тұрақты жағдайды қалыптастыруға, оларды тиімді пайдалануға, орман өрттерін азайтып, оларды сақтауға, заңсыз шабудың алдын алуға және орман шаруашылығының тиімділігін арттыруға қол жеткізуге мүмкіндік береді.

Орман - тоғайлардың көлемі артады, барлық елді мекендерде жасыл екпелердің жақсартылған тұқымдарының түрлері мен олардың айналасындағы жасыл аймақтар саны көбейеді деп күтілуде.

8. Павлодар облысын көгалдандырудың 2005-2007 жылдарға арналған "Жасыл Ел" бағдарламасын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары

№ р/с	Іс - шаралар	Аяқтау нысаны	Орындалуына жауаптылар	Орындалу мерзімі	Болжалды шығындар, млн. теңге	Қаржыландыру көзі
1	2	3	4	5	6	7
1	Питомниктерді жаңғырту, қалпына келтіру және екпе материалдарды өсіру	Облыс әкіміне ақпарат	Облыс табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу департаменті	2005 - 2007 жылдар	2005 ж.-61,0 2006 ж.-73,0 2007 ж.-78,0	Облыстық бюджет
2	Екпе материалдарды өсіру	Облыс әкіміне ақпарат	Облыс табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу департаменті, ерекше қорғалатын	Қазан, жыл сайын	2005 ж.-6,4 2006 ж.-6,9 2007 ж.-11,7	

табиғи аумақтар
мекемелері (келісім
бойынша)

Республи-

						калық бюджет
3	Қазақстан этнокартасы үлгісінде Павлодар қаласының Усолка шағын ауданында қазақстанның тұңғыш Президенті саябағын салу	Саябақтың қызмет етуі	Павлодар қаласының әкімі, облыс сәулет, қала құрылысы және құрылыс департаменті	2005 - 2007 жылдар	2006 ж.-70,0 2007 ж.-70,0	Павлодар қаласының бюджеті
4	Елді мекендерде көгалдандыру жұмыстары, қалалар мен аудан орталықтарындағы қазіргі кездегі саябақтар мен тынымбақтарды қайта құру	Облыс әкіміне ақпарат	Қалалар мен аудандар әкімдері, облыс сәулет, қала құрылысы және құрылыс департаменті	2005 - 2007 жылдар	2005 ж.-11,5 2006 ж.-32,0 2007 ж.-38,3	Қалалар мен аудандар бюджеттері
5	Өнеркәсіптік және өзге де өндірістік объектілер маңында жасыл аймақтарды салу	Облыс әкіміне ақпарат	Облыс табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу департаменті, кәсіпорындар басшылары (келісім бойынша)	2005 - 2007 жылдар	2005 ж.-38,1 2006 ж.-40,6 2007 ж.-44,3	Кәсіпорындар қаражаты
6	Ерекше қорғалатын табиғи аймақтар мекемелерінде мектеп орманшылықтарын жаңғырту	Облыс әкіміне ақпарат	Облыс білім беру департаменті, аумақтық орман және аңшылық шаруашылығы басқармасы (келісім бойынша)	2005 - 2007 жылдар	2005 ж.-3,0 2006 ж.-3,0 2007 ж.-3,0	Облыстық бюджет
7	Ерекше қорғалатын табиғи аймақтарда жанған жерлерді тазарту үшін жазғы уақытта студенттік отрядтарды ұйымдастыру	Облыс әкіміне ақпарат	Аумақтық орман және аңшылық шаруашылығы басқармасы (келісім бойынша), облыс білім беру департаменті	2005 - 2007 жылдар	2005 ж.-11,4 2006 ж.-13,7 2007 ж.-15,7	Республикалық бюджет
8	Ғылыми кадрларды тартумен қазіргі кездегі екіпелердің тұрақты мониторингін ұйымдастыру	Қорытындылар мен ұсыныстар	Қалалар әкімдері	2005 - 2007 жылдар	2005 ж.-1,5 2006 ж.-3,0 2007 ж.-3,0	қалалар бюджеттері

9	Облыс мектептері арасында көгалдандыру жөніндегі ең жақсы аумаққа конкурс ұйымдастыру	Қорытынды шығару	Облыс білім беру департаменті	2005 - 2007 жылдар	2005 ж.-1,5 2006 ж.-2,0 2007 ж.-2,5	Облыстық бюджет
10	Облыс мектептері арасында "Экология . Шығармашылық және балалар" марафонын ұйымдастыру	Қорытынды шығару	Облыс білім беру департаменті	2005 - 2007 жылдар	2005 ж.-0,7 2006 ж.-1,0 2007 ж.-1,3	Облыстық бюджет
11	Ғылыми - экологиялық конференцияларды өткізу	Қорытындылар мен ұсынымдар	Аумақтық орман және аңшылық шаруашылығы басқармасы (келісім бойынша), облыс білім беру департаменті, үкіметтік емес ұйымдар (келісім бойынша)	2005 - 2007 жылдар	2005 ж.-0,5 2006 ж.-0,5 2007 ж.-0,5	Облыстық бюджет
12	Бағдарламаның үкіметтік емес ұйымдармен кеңестік-ақпараттық қолдауын қамтамасыз ету	Қоғамдық қабылдау бөлмесін құру (қызмет ету)	Аумақтық орман және аңшылық шаруашылығы басқармасы (келісім бойынша), табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу департаменті, үкіметтік емес ұйымдар (келісім бойынша)	2005 - 2007 жылдар	2005 ж.-0,5 2006 ж.-0,5 2007 ж.-0,5	Облыстық бюджет
13	Облыстық "өмір сүр , жер" фестивалін өткізу	Фестиваль қорытындысын шығару	Аумақтық орман және аңшылық шаруашылығы басқармасы (келісім бойынша), облыс білім беру департаменті, үкіметтік емес ұйымдар (келісім бойынша)	2005 - 2007 жылдар	2005 ж.-0,5 2006 ж.-0,5 2007 ж.-0,5	Облыстық бюджет
14	Экологиялық мектебі негізінде Павлодар қаласы мектептерінің оқушыларын тартумен сәндік	Экологиялық мектептің қызмет етуі	"Табиғат" қоғамдық қоры (келісім бойынша)	2006 - 2007 жылдар	2006 ж.-0,4/ 2007 ж.-0,6	Қалалық бюджет

	және жеміс ағаштар бағын салу				
15	Кенжекөл ауылындағы питомниктерді Павлодар педагогикалық институтына, Мичурин ауылындағы питомниктерді Павлодар мемлекеттік университетіне бекіту	Қабылдау-тапсыру актісі	Облыс табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу департаменті	2005 - 2007 жылдар	Қаржыландыруды қажет етпейді

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК